



- Ғылыми-педагогикалық зерттеу – педагогикалық жаңа білімдердің қалыптасу үдерісі, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың объективтік заңдылықтарын ашуға бағытталған танымдық іс-әрекет түрі. Мұғалімдердің ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесін меңгеруі педагогикалық үдеріс нәтижесі сапасының жоғары болуына ықпал ететіндігі айтыс тудырмайтыны анық.



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- жаңа ғылыми жаңалықтардың өмірге келуі, оның өмірге қажеттілігі, оқу-тәрбие жұмысының сапасын көтеруге ықпалы;
- болашақтағы зерттеулерге негіз болу;
- болжамның тәжірибе жүзінде дәлелденбеуінің өзі де оның тиімді жолдарын іздестіруге мүмкіншілік береді.



ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

- қоғамдық мәнділігі;
- ғылыми жаңалығы;
- теориялық және тәжірибелік мәні;
- ғылыми анықтылығы;
- қорытынды және нұсқауларының өмірге қолдануға мүмкіндігі,
- түсініктілігі;
- мектеп өміріне тез енгізу мүмкіншілігі.



ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІНІҢ НЕГІЗГІ ӨЛШЕМДЕРІ:

- жаңа ғылыми нәтиже алу;
- теориялық білімді жетілдіру;
- оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге ықпалы;
- ғылым мен дамуға болжам жасау.
- Зерттеу міндеттерінің орындалуы.

